

## **2022-2023 оку жылындағы тәрбие жұмысының талдауы**

2022 – 2023 оку жылында тәрбие жұмысы бекітілген жоспар бойынша жүргізілді. Жоспарда көрсетілген іс – шаралар белгіленген уақытында өткізілді. Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, ірікте алған тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сініру, баланың коршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру.

М.Арын атындағы ҚҚОМ-нің тәрбие тұжырымдамасы бойынша тәрбиенің басым 8 бағыттық жұмысы қамтылды.

Тәрбие жұмысының бағыттары:

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Ұлттық тәрбие
3. Отбасы тәрбиесі
4. Рухани-адамгершілік тәрбие  
(Діни тәрбие, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет)
5. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
6. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Кадр құрамына талдау. 2022-2023 оку жылында М.Арын атындағы ҚҚОМ-де 2 тәрбие орынбасары А.Е.Шамова, Б.Ж.Қалапбергенова, 2 психолог Н.Жасқали, Е.Кенжалина, 1 тәлімгер М. Таңатар, 2 ұйымдастырушы-педагог Т.Абдуллин, А.Бекжанов, 5 қосымша білім беру педагогы, М.Байбатыров, Л.Молдагалиева, М.Токтамысова, И.Бегжанов, Г.Қайроллаева және 42 класс жетекші қызмет атқарады.

### **Оқу-тәрбие жүйесіндегі класс жетекшілердің сапалық сипаттамасы**

Барлығы		Санаты				
		Жоғары пед. шеб.	Жоғары пед. зерт.	I санат пед. сар.	II санат пед. мод.	Санатс ыз
Класс жетекшілер	42	1	11	17	13	-

2022-2023 оку жылында 42 класс комплект. Класс жетекшілердің сапалық құрамына тоқталсақ: II санатты және педагог-модератор-13 мұғалім, I санатты және педагог-сарапшы-17 мұғалім, жоғары санатты және педагог зерттеуші- 11 мұғалім, санаты жоқ - мұғалім жоқ.

2022-2023 оку жылында іс-шаралар жылдық жоспарға сай өткізілді. Окүшылардың заң алдындағы жауапкершілігін арттыру, ҚР Конституциясы баптарын біліп, құрметтей білеуге үйрету, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу,

құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын-алу мақсатында құрылған іс-шаралар жоспары уақытылы жүргізілді.

Биылғы оку жылында құқықбұзушылық бойынша мектепішілік есепке 11 окушы, қалалық IIБ екі окушы, олар: Д.Сматов, Р.Молдахмет қойылды. Мамыр айында Р.Молдахмет есептен шығарылды. Сәтсіз отбасы – 1.

Сабакты Гимнмен бастауды ұйымдастыру бойынша окушылар күнде сабак басталар алдында 5 минут бұрын гимн орындалады. Эр сейсенбі деңсаулық күні болып бекітіліп, жаттығулар жасады. Эр сәрсенбі «100 ән, 100 күй» жобасы бойынша қонырау әусні күйгс ауыстырылды жәнс фойзес халық әндсрі мсн халық композиторларының әндері орындалды. Эр бейсенбі «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша окушылар түрлі жанрда ақын-жазушылардың шығармаларымен танысып, талдау жұмыстарын жасады. Шығарма желісі бойынша көріністер қойып, үзінділер жатқа оқыды.

#### **Мектептегі спорттық секциялар мен үйірмелер бойынша:**

2022-2023 оку жылында окушылардың сабактан тыс бос уақытын ұйымдастыру мақсатында мектепішілік үйірме, клубтары жұмыс істеді, 299 окушыны қамтыды.

Мектепшілік 8 спорттық секция: баскетбол, дойбы, шаңғы, волейбол, тоғызқұмалақ, таекван-до, футбол, спорттық туризм, қол күрес секциясы жұмыс жасайды. Жалпы спорттық секцияларға 252 окушы қатысады.

<b>Үйірмелер мен спорттық секциялар</b>	<b>Бала саны</b>
Волейбол	75
Таекван-до	25
Дойбы	25
Футбол	25
Тоғызқұмалақ	25
Спорттық туризм	28
Шаңғы	27
Қолкурес	22
«Самғай» театры	15
«Ділмар» дебат клубы	32
«Сырғалым» қыздар клубы	28
«Сапа »мобиллография клубы	8
«Креатив» қолөнер клубы	41
«Жас тілші» клубы	15
«Арын Еріктілері» еріктілер клубы	23
«Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубы	62
«Зерде» дарындылар клубы	30
«Ақ орамал» аналар клубы	45
«Мұрагер»әкелер клубы	45

2022 – 2023 оку жылшының қортындысы бойынша мектепшілік және мектептен тыс спорттық секциялар мен үйірмелерге 619 окушы қамтылған. Алдыңғы оку жылымен салыстырғанда 30% - га өсім бар.

<b>№</b>	<b>Мазмұны</b>	<b>2021-2022 оку жылы</b>	<b>2022-2023 оку жылы</b>
1.	Окушы саны	1025	987
2.	Мектепшілік үйірмелер	157 окушы	299 окушы
3.	Мектепшілік спорттық секциялар	135 окушы	252 окушы
4.	Мектептен тыс үйірмелер	132 окушы	135 окушы
5.	Мектептен тыс секциялар	105 окушы	110 окушы
6.	Жалпы мектептің пайызы	51 %	81%

2022-2023 оку жылшындағы М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің окушыларының оку жетістіктері (эн, би, күй, мәнерлеп оку сайысы, сурет және спорт) бойынша мектепшілік, қалалық, облыстық, халықаралық және респубикалық жетістіктерінің нәтижесі 15 % құрайды. Ашып айтқанда:

<b>Жетістіктер</b>	<b>Катысқандар</b>
Қалалық	30
Облыстық	28
Халықаралық	23
Респубикалық	59
<b>Барлығы</b>	<b>140</b>

### **Тәрбие жоспарына сайкес өткізілген мерекелік іс-шаралар**

1-қыркүйек – Білім күніне орай «Сыңғырла, алғашқы қоңырау» салтанатты жиыны өткізілді. Жиынға 1,4,9,11 сынып окушылары мен ата-аналар, мұғалімдер қатысты. Салтанатты шара Мемлекеттік туды әкеліп, Әнұраннның орындалуымен ашылды. Облыс әкімдігінің кәмелеткке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі облыстық комиссия хатшысы Ж.Нуршин және мектеп директоры Жасұлан Төрекұратұлы окушыларды білім күнімен құттықтап, жаңа оку жылына сәттілік тіледі. Сынып сағаттары 2-11 сынып

бойынша онлайн өтті. «Терең білім, еңбеккорлық және отан-шылдық қасиет» республикалық онлайн-акциясы бойынша 2-4 -сынып бойынша «Менің жазғы жарқын оқигаларым!», «Білім саған жол ашады»; 5-8-сынып бойынша «Менің саяхатым», 9-11 -сынып бойынша «Менің ойларым, армандарым, үміттерім», «Менің үлкен сыныптастарым», тақырыбында фото, видеороликтер дайындауды.



**5 - қыркүйек Қазақстан халықтарының Тілдері күніне орай 4 “Б” сыныбында «Тіл - тірегім, соғып тұрған жүргегім» тақырыбында ашық тәрбие сафаты өтті. Класс жетекшісі: А.Тайбатырова**



**Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығы аясында 5-қыркүйек – Қазақстан халқының тілдері күніне орай 5.09.2022-9.09.2022 жыл аралығында жоспарға сай іс-шаралар өткізілді.**



Қазан айының алғашқы іс-шарасы - Үстаздар мерекесі болды. Үстаздар мерекесіне байланысты іс-шаралар жоспары бекітілді. Ис-шаралар өткізу мақсаты: «Мұғалімдер күні» мерекесін мерекелеу және мұғалім мәртебесін арттыру. Ең әуелі мектеп оқушылары ертеңгісін үстаздарды қызыл кілеммен, құттықтау сөздермен, көнілді көңіл күймен қарсы алды.



Ұстаздар мерекесіне байланысты 1 – 11 сыныптар аралығында тәрбие сағаттары ұйымдастырылып, өткізілді. Тәрбие сағаттары барысында сынның жетекшілер окушыларға ұстазды құрметтеуге, оларды түсіне білуге, бағалауға үйретіп, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндірді. Сынып жетекшілер окушыларға ұстаздық мамандықтың қындығы мен қызығы бірге жүретіні жөнінде түсініктерін қалыптастырып, білім алуға саналы көзқарастарын нығайтып, жеке тұлғаның рухани адамгершілік қасиеттерін дамытып, ұстазды әрқашан сыйлауға тәрбиеледі. Мектептің инста парақшасына «Ділмар» дебат клубы, «Жас Ұлан» ұйымы және мектеп тұлектері дайындаған құттықтау бейнематериалдары жүктелді. Елімізде жыл сайын қазан айының алғашқы жексенбісінде тойланатын "Ұстаздар күні" мерекесі мектепте өз деңгейнде аталып өтілді.



8 қазан күні ұстаздар күніне орай мектебіміздегі мұғалімдер мен ардагер ұстаздардың құрметіне мерекелік концерт өтті. Мектеп окушыларының ұйымдастыруымен ән – сазды бағдарламасына зейнетке шықкан ұстаз ардагерлер шақырылды. Бағдарлама барысында мектеп окушылары өздерінің шығармашылық өнерлерін көрсетіп, ұстаздарға және ардагер ұстаздарға арналған жылы тілектері мен алғыстарын білдірді.



25-қазан Республика күні ерекше дайындықпен тойланды. Жоспарға сәйкес 13-қазаннан бастап іс-шаралар өткізілді. 13 қазан күні "Тәуелсіздік - елімнің ерлік жолы" атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқырман назарына ұсынылды. Көрменің негізгі мақсаты - жастарды еліміздің тарихи

кезеңдеріндегі жүріп өткен жолы мен тәуелсіздігі туралы жаңа әдебиеттермен таныстыру. Отан – АナンЫ құрметтеуге, елінің тәуелсіздігі жолында күрескен ерлердің қаһармандығын мақтан тұтуға тәрбиелеу.

«Қыран елім - Қазақстан» облыстық мәнерлеп оку конкурсының мектепішілік кезеңі өтті. Байқауға 9-11 сынып оқушылары қатысты. «Менің Тәуелсіз Қазақстаным» облыстық сурет және қолөнер байқауының мектепішілік кезеңі өтті.



«Бірлігіміз жарасқан Қазақстан», «Қазақ еліне виртуалды экскурсия» тақырыбында тәрбие сағаттары оқушылардың бойынан ұлтжандылық қасиетін оятып, Отанға, елге, жерге деген құрмет сезімдерін арттыру мақсатында өтті. Толераттылықты сақтап, елімізді ұлтаралық келісім мен бірліктің мекені ретінде танылғаны, еліміз үшін татулық пен келісімнің басты байлық екендігі түсіндірілді.

20 қазан күні 1-11 сынып оқушылары жаппай бір уақытта гимн орындалды. Республика күніне орай 11-сынып оқушылары арасында волейбол, 5-8 сынып оқушылары арасында тоғызқұмалақжарыстары және 5-сыныптар арасында «Көңілді мәре» сайысы өтті. Соңғы қорытынды күні «Мәңгілік жаса, қыран елім Қазақстаным!» атты мерекелік концерт өтті. Концерттік бағдарламаны тамашалаяуға оқушылар, ұстаздар қатысты. 13 жылдан соң қайта тойланып отырған мереке тарихы жаңа қырынан ашылып, ел үшін елеулі болған күннің оқиғасы баяндалды. Ұлттық мереке мәртебесін қайтарып, ел болып қайта тойланып жатқан күттүү күннің маңызын мектеп директоры Жасұлан Төрекұратұлы өз сөзінде атап өтті. Оқушылардың өз республикасын танып – білуге, жақсы көруге, Отанына деген сүйіспеншілікке, патриоттық сезімге тәрбиелеу, елін, туған жерін құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында әр бірінші сабактан бұрын мемлекеттік Гимн орындалды. Гимннің уақытылы орындалуы сынып жетекшілерге жүктелді және мектеп әкімшілігі тарапынан бақыланды



«Арын жұлдыздары» атты мектепішілік кастингі өтті. Кастингтің мақсаты: өскелен үрпақтың рухани-адамгершілік, эстетикалық тәрбиелеудің, тұлғаның үйлесімді дамуының факторы ретінде оқушылар шығармашылығын қолдау және дамыту, өзін-өзі көрсетуге, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту. Бейнелеу және қолөнер бағыты бойынша оқушылар әділ қазыларға өздерінің қолөнер бүйімдарын көрсетіп, түрлі тақырыпта суреттер салды. Жұмыстың күрделілігі, тақырыпты аша білуі, кәсіби шеберлігі қаралды. Жалпы нәтижесі бойынша 32 оқушыдан мына оқушылар үздік деп танылды. Бейнелеу өнсі бағыты бойынша 7 оқушы, қол өнсір бағыты бойынша 5 оқушы өтті. Аспата ойнау және би бағыты бойынша 35 оқушы тіркеліп, 10 оқушы кастингтен өтті. Эн айту бағыты бойынша кастингтен 8 оқушы өтті. Бұл бағыттарда оқушылардың сахнада өзін-өзі ұстауы, жанды дауыста ән айтуды, сахналық талапқа сай киінуі қаралды. Журналистика және мобилография бағыты бойынша 7 оқушы кастингтен өтті. Бұл бағытта кастингке қатысушылар мектеп немесе қоғамдық өмірден сюжеттік видео түсіріп, тақырыпты тандауды, тапқырлығы, тіл шүрайлығы қаралды. Мобилографтардың видеоларының креативтілігі, монтаж жасай білу шеберліктері қаралды. «Үздіктерді марапаттау» кешінде кастингтен өткен барлық оқушыға сертификат табысталды.



Мектеп оқушылары Ақтобе қалалық “Дін мәселелері және қогаммен байланыс жөніндегі орталығының” теолог маманы Ұзақбай Әділжан Берікбайұлы және психолог маман Тулепбергенов Тимур Тайбековичпен “Діни радикализмнің алдын алу” тақырыбында кездесіп сұхбаттасты.




Мектебімізде төтенше жағдайдың, өрттің алдын алу мақсатында оку жаттығуы өткізілді. Әскери патриоттық клуб тәрбиленушілері Ақтөбе қаласындағы № 30238 "Ракета және артиллерия" әскери бөліміндегі сарбаздардың салтанатты ант қабылдау рәсіміне қатысты. Патриоттық клуб жетекшісі М. Назаров.



8 – ші желтоқсан күні мектебімізде «Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет басқармасының Хадиша Бекеева атындағы облыстық казак драма театры» МҚҚК актерлары «Ауылдың иті – Ақбай» атты ертегісінің желісі бойынша сахналық қойылым қойды. Балаларға қойылым ерекше көңіл-күй сыйлады.



Желтоқсан айының 14-і күні М.Арын атындағы Қарғалы қазак орта мектебінде ауған соғысының ардагері Каршигин Эділхан мырзаның қатысуымен мектепішілік "Жас Сарбаз" әскери-қолданбалы спорт сайысы өткізілді. I-орын 11А класы, II-орын 11В класы, III-орын 11Ә мен 11Б класы иеленді. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық жетекшісі - М.И.Назаров



27,28,29 – желтоқсан күндері бастауыш және 5-11 сыныптар аралығында “Қош келдін, Жаңа жыл - 2023” мерекелік іс-шараасы өтті. Мерекелік шарада өз өнерлерін көрсеткен оқушыларға аяз ата мен ақшақардан сыйлықтар табыс етіліп, түрлі әуендерге би де биленді. Кештің көңілді өтуіне барынша барлық сыныптар белсенділікпен атсалысты.



**«Окуға құштар мектеп» жобасы бойынша атқарылған іс-шаралар:**

ҚР Білім және Ғылым министрлігінің «Оқуға құштар мектеп-окуға құштар үлт» жобасын жүзеге асыру мақсатында жылдық жоспары бекітіліп, іс-шаралар өткізілді. Жас ұрпақты көркем шығарма оқуға насихаттау арқылы парасатты, үлтжанды азамат тәрбиелеу мақсатында 60 әдеби шығарманың тізімі жасалып, окушыларға ұсынылды.

15 -қыркүйек күні Қазақтың классик ақыны Сырбай Мәуленовтың 100 жылдық мерейтойына орай «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «100 шығарма» акциясын ұйымдастыру бойынша 11 "А" клас окушылары ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып, тың деректермен бөлісті. Класс жетекшісі: Жұмағалиева А.



Қазақтың көрнекті жазушысы, академигі, драматурги, ғалымы және қоғам қайраткері Мұхтар Әуезовтың туғанына 125 жыл және автордың “Еңлік-Кебек” пьесасына 105 жыл толуына орай 10 "Б" сынып окушылары пьесадан үзінді қойды. Класс жетекшісі: Э.Қалабазарова.



Биыл қазақ әдебиеті мен журналистика саласында өшпес із қалдырған белгілі қаламгер Шерхан Мұртазаның туғанына 90 жыл толуына орай Ш.Мұртазаның “Интернат наны” әңгімесі желісінде 6 "Б" сынып окушылары қойылым қойды. Класс жетекшісі: А.Урбисинова



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында М.Әуезовке 95 жыл толуына орай «Көксерек» әңгімесі сахналанды.



### «Арын еріктілері» клубы

17-қыркүйек күні "Арын еріктілері" мұқтаж қария- Тамараның шаңырағында болып, көмек қолын созды. Бұл іс-шара «Арын еріктілері» клубының жетекшісі М.Байбатырдың жетекшілігімен өтті.

23 - қыркүйек, жұма күні «Ақтөбе қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ басшысы Нұрсұлтан Қожабеков М. Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің қосымша білім беру педагогы, «Арын» еріктілер клубының жетекшісі Майдан Байбатыров бастаған клуб мүшелерімен кездесті. Кездесудің мақсаты қаланың көркейіп гүлденеүінде өз қолтаңбасын қалдырғысы келетін жастардың түрлі бағыттағы мәселелері мен ұсыныс пікірлерін тындау. «Арын» еріктілер клубы да қаладағы жас буын арасындағы волонтерлық қозғалысты дамытуға қатысты пікірлесін айттып, алдағы жоспарларымсн бөлісті. Қсздссу сонында орталық басшысы кез-келген уақытта жастармен бірге жұмыс атқаруға дайын екендігін жеткізді.

"Арын еріктілері" клубының мүшелерін 1- желтоқсан күні Ақтөбе қаласының жастар ресурстық орталығының басшысы Нұрсұлтан Қожабеков 5 желтоқсан - Дүниежүзілік еріктілер күні мерекесімен құттықтап, орталық атынан марапаттады.



«Қарттарым – асыл қазынам» тақырыбында қарттар үйінде мерекелік концерт өткізді.

### «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару үйімінің атқарған жұмыстары:

2022 жылдың 22 қыркүйек күні М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінде оқушылардың өзін-өзі басқару негізінде «Мектеп Парламенті» сайлауы өтті. Сайлау еркін және құпия түрде жүргізілді. Барлық оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, сайлаудың өту барысы инстаграм желісіне хабарланып жарияланды. Сайлауға 9-10 сынып оқушылары қатысуға ниет білдірді. Сайлау нәтижесі бойынша ең көп 28,4 % дауыспенен 10 «б» сынып оқушысы Мусабев Эльзат мектеп президенті болып, ал қалған кандидаттар мектеп парламенті президентінің мүшелері болып тағайындалды.



**Басты мақсатым:** Оларда болашақтарға на сүйеніп отырған, алардың өзінен жаңынан жарықтастырылуға көмек етсе бар үздік бол. Егердің мен оқушылар тиң орнадындағы сәйкесшілігін анықтау. Оқушылардың мектепке одағын анықтаудын мүмкіндігін атап беру. Тұрақтылықтың оқушылардың білігіне да көмек етуден салынады.



Мусабек Эльзат Ануарқызы

3-қазан күні мектебімізде дублер күні өтті. Осы күні 10-11 сынып оқушылары сабактарда мұғалімдерді алмастырды. Осы жауапты іс-шараға балалар көп дайындалды: олар мұғалімдердің басшылығымен сабак кестесін құрып, әр сабактың жоспарын жазды. Мектепте ерекше атмосфера орнаған, оқушылар бейдик пен ерекше галстук тағып, осы күнді қызықты да, мазмұнды жетіп көрсетуге тырысты. Бұл күн дублерларға дербестік, жауапкершілік, тапсырылған іске адаптацияның жаңа шығармашылық көзқарас сияқты қасиеттерді дамытуға мүмкіндік берді. Сабактарды жүргізуің маңызды екендігін сезіне алады. Осы күні мектеп директоры – Мусабек Эльзат (10<sup>б</sup> сынып) және директорының орынбасарларының орнына фракция жетекшілері болды. Күн қорытындысы бойынша дублер болған оқушылар жиналасы өткізіп, әр қайсысы өз пікірлерімен бөлісті және мұғалім болу тек қана қын емес, қызықты екен деген ортақ ойға келді.



Біз тәуелсіз ел ұланы, болашаққа үн қосқан!» мектеп президентінің ант қабылдау рәсімі және «Жас Ұлан» ұйымы мүшелерін қабылдау рәсімі өтті. «Өзін-өзі басқару» ұйымының мектеп президенті, ұланбасы ант қабылдап, ұйым мүшелеріне төсбелгілер тағылды.



Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Ғасыр індегінен сақтанайық!» атты дөңгелек үстел өткізілді. Оқушыларға СПИД-тің қазіргі тандағы адамзаттың басты проблемасы сксні, оның зиянды жақтары туралы айттылды.



Желтоқанның 13 күні еліміздің нағыз патриоттарын, еңбеккор, білімге құштар, салт - дәстүріміз бен адамзаттық құндылықтарымызды қастерлейтін жас жсткіншектерді, отансүйгіш ұландарды тәрбислесуді көздсйтін Республикалық Бірыңғай «Жас Ұлан және Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер үйымина мектебіміздің 2-5 класс оқушылары қабылданды. Оқушылар туымыз түстес көгілдір галстук және төс белгілерін тағып, «Жас Ұлан және Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер үйыминың Ережесін бұлжытпай сақтауға ант берді.



«Сырғалым» қыздар клубының мүшелері және «Жас Ұлан» үйыминың оқушылары Ақтөбе қалалық «Дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталығының «теолог» маманы Орынбай Мәди Орынбайұлымен «Дін және қоғам» тақырыбында кездесіп сұхбаттасты.



«Арын Еріктілері» клубы және «Жас Ұлан» үйыминың оқушылары Ақтөбе облыстық қарттар мен мүгедектер интернат үйіне барып, “Қарты бар үйдің қазынасы бар” атты концерттік бағдарлама үйымдастырыды. Негізгі мақсаты оқушылардың бойына халқымыздың қадір-қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлай білуге, өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу.



Наурыз мерекесі қарсанында тәрбие бөлімінің ұйымдастырумен «Көктем аруы – 2023» атты қыздар байқауы өткізілді. Бас жүлдені «Көктем аруы – 2023» атағын 8 «Г» класс окушысы Куандық Сабина иеленді.



Сәуір айында оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және еңбеккорлық баулу мақсатында мектебіміздің «Жас Ұлан» ұйымының оқушылары “Жасыл мекен” челленджіне қатысты



20 мамыр Мұхтар Фалиұлы Арынның туғанына 87 жыл толуына орай «Тағылымы терең тұлға» атты танымдық шара өткізілді.



Тәрбие жоспарының жылдық жоспарына сай әр бейсенбі «Таза бейсенбі» тазалық күні болып бекітілді. Қыркүйек айында «Тазалық- таза ұстанған жерде» деген ұранмен мектеп ұжымы бірнеше сенбілік тазалық жұмыстарын жүргізді.

Қазақ айының әр сенбісінде мектеп ұжымы «Таза табиғат» экологиялық акциясы барысында сенбілікке шықты. Экоакциясы аясында мектеп аланың қоқыстан тазарту бойынша сенбіліктер өтті.



### **Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша құқық қорғау органдарымен бірлесіп атқарған жұмыстар:**

26 – қыркүйек күні М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінде Ақтөбе қалалық ПБ Алматы ауданының №4 ҚПБ ЖПҚБ ЮПТ КТІЖ УПИ полиция лейтенанты Амин Ақбаян Абзалқызының қатысуымен оқушылардың құқықтық білімдері және заң алдындағы жауапкершіліктерін арттыру, құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында кездесу өтті. Жасөспірімдер арасында кеңінен тараған заң бұзушылықтың, қылмыстың ахуалы мысалдар ретінде келтірілді және қылмыс істегені үшін жауапкершіліктердің түрлері түсіндірілді.




«Құқық бұзушылықтың алдын-алу - басты міндет» атты құқықтық апталықтың жұмыс жоспарына сәйкес ЖПҚБ КТІЖ УПИ полиция лейтананты А.А.Аминнің қатысуымен «Әлімжеттік жасау әлсіздік» тақырыбында құқықтық дәріс өткізілді. Іс -шараға 9-11 сынып ер балалары қатысты. Бұл іс-шараның мақсаты: мектеп ішінде және мектептен тыс жерлерде әлімжеттікке жол бермеу және оның алдын алу шаралары туралы болды. Инспектор оқушылардың құқықтық білімдері және заң алдындағы жауапкершіліктерін арттыру мақсатында, жасөспірімдерді қылмыстық әрекеттерден бойларын аулақ ұстауға шақырды. 8 "Г" сыныбында "Балалардың құқықтарын қорғау, оның ішінде зорлық-зомбылықтың алдын-алу" тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Іс-шара оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардал әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің еліміздің заң бар екенін айту мақсатында өтті. Балалар құқығын қорғау – егемен еліміздің басты құндылықтарының бірі екендігін оқушылардың санасына сіңіру мақсатында арнайы дайындалған бейнегифильмдер мен презентацияларға кезек беріліп,

тақырыптан алған түсініктері мен сабактан алған әсерлерін окушылар ортаға салды.



14 – желтоқсан күні кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің жасөспірімдерімен Алматы ауданы №4 ҚПБ ЖПҚ КТІЖ УПИ аға инспекторы полиция капитаны Ерланова Айгерим Сагинтаевна және Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының психолог әдіскері, магистр Тоқсанбаева Арайлым Амангелдіқызы, ЖПҚБ КТІЖ УПИ полиция лейтенанты А.А.Аминнің қатысуымен кездесу өтті.




қантар айында 8 "Г" сыныбында «Ұрлық – түбі қорлық» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Іс-шара окушыларға тонау, алдау, бопсалау түсініктері туралы мағлұмат беру, алаяқтыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айтуда мақсатында өтті. Тәрбие сағаты барысында қазіргі қоғамда белен алған алаяқтық бойынша жанжақты мәлімет берілді.



2 ақпан күні «Қысқы кезеңдегі төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл ережелері» тақырыбында Zoom платформасы арқылы 9-11 класс оқушыларына мағлұмат берілді.



Сәуір айының 14 күні Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 9-10 сыныптарға арналған «Білім беру мекемелеріндегі окушылардың арасындағы құқықбұзушылық пен буллингтің алдын алу» бойынша кездесу үйімдастырылды. Кездесуге Алматы ауданы №4 ҚПБ полиция аға лейтенанты Д.Ж.Махамбет және Ақтөбе облыстық ғылыми – тәжірибелік орталығы, психологиялық-әлеуметтік қолдау бөлімінің әдіскері психолог Б.С.Базаркуловна қатысты.



.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінде құқық бұзушылықтың алдын – алу мақсатында 12 сәуір күні Ақтөбе қаласы ПБ

Алматы ауданы №4 ҚПБ ЖПҚБ УПИ полиция аға лейтенанты А.А.Амин және полиция лейтенанты Д.Ж.Махамбет қатысуымен 9-11 сыныптар арасында «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында жиналыс өткізілді. Оның ішінде интернет алаяқтығы, буллингтің алдын алу және велосипед, қалта ұрлығы туралы сөз қозғады. Окушыларға ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 442, 435 баптары түсіндірілді.




Ағымдағы жылдың 15 мамыры күні Алматы ауданы №4 қалалық полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар істері жөніндегі участекелік полиция инспекторы Мухтар Арын атындағы ҚҚОМ-тің бастауышсынып оқушыларына “Абайлаңыз, балалар!” атты жедел профилактикалық іс-шараның басталуына байланысты түсіндірме жұмыстары жүргізді.




### «Ділмар» дебат клубының атқарған жұмыстары:

27 – қыркүйек күні "Ділмар" дебат клубының үйымдастыруымен 8-10 сынып окушылары арасында дебат өткізілді. Пікірсайыс «Мектеп окушыларында жауапкершілік бар ма?», «Табиғат және жаңа технологиялар» деген тақырыптарда өрбіді. Окушылар арасында сынни, креативті ойлау сияқты қасиеттерді дәріптеу мақсатында өткен шарада «Үкімет» және «Оппозиция» өз пікірлерін білдіріп, қарсы тараптардың ойларын тындады. Қорыта келе, Мамажонов Дастанбек, Қоянбай Сабина шабыттың шыңында шебер сөз ерекшелігімен топ жарып, үздік өнер көрсетті.



Республика күні қарсаңында мектебіміздің "Ділмар" дебат клубының жетекшісі Ақмарал Есенгелдіқызының үйымдастыруымен "Тұғыры биік – Тәуелсіз Қазақстан" тақырыбында дебат өткізілді. Окушылар берілген қараптарды ашық аланда талдай отырып, өз ойларын айқын жеткізе білді. Пікірсайыс Республика күнінің мерейін көтеріп, тәуелсіз Қазақ елінің сапалы спикерлерін шындау, дамыту мақсатында өтті.



"Ділмар" дебат клубы "Мен жәнс мениң құқығым" тақырыбында пікірсайыс өткізді. Іс-шара құқықтық тәрбиенің өмірлік қажеттілігін окушыларға түсіндіру. Құқықтық тәрбиенің, жігердің қоғамда маңызы зор екендігі түсіндіріп құқықтық сауатқа тәрбиелеу, өз ойларын еркін айтуда үйрету.

Тәуелсіздік күні қарсаңында Ақтөбе орта мектебі үйымдастырган "Тәуелсіздік - қасиет тұнған ұлы ұғым" атты қалалық дебат турнирінде сөз шеберлігі мен ой

ұшқырлығын көрсетіп, “Дарындылар” номинациясына Мамажонов Дастанбек пен Қоянбай Сабина “Ділмар” фракциясы ие болды.

16-желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай “Ділмар” дебат клубы “Тұғыры биік- Тәуелсіздік!” атты пікірсайыс өткізді.

20-мамыр «Тәрбие кілтін қашаған ұстаз – М.Арын» тақырыбында қалалық дебат турнирі мен мектепаралық футболдан «Арын кубогі» өткізілді.



### «Сырғалым» қыздар клубының атқарған жұмыстары:


2022-2023 оку жылының 27 қыркүйек күні М. Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінде 5-11 сынып қыз балалары арасында "Сырғалым" қыздар клубының жиналышы өтті. Жиналыш барысында қыз балалардың тәртібі, өзін-өзі ұстай білуі, мектеп формасы және сенім жәшігі бойынша бірқатар мәселелер қаралды. Клуб жетекшісі Г. Қайроллаева "Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі" тақырыбында баяндама оқып, мектеп психологтары қызықты тренингтер өткізді. Сонымен қатар, "Сырғалым" қыздар клубының тәрайымы болып 10"Б"сынып окушысы Жалгасбаева Эмина сайланды.

Сонымен қатар мектепішлік "Арайлы, алтын күз" салынысы 9-10 сынып окушылары арасында өткізілді. Байқау шарты бойынша қатысушылар сахнада өздерін таныстырып, одан кейін күзгі дақылдардан қолөнер, экибаналарына жарнама жасай отырып, көпшілікке көрсетті. "Бас жүлдені" иеленген 10 Б сынып окушылары Құрбанбаев Райымбек, Мусабек Эльзат, 1-ші орынды иеленген 10 А сынып окушылары Жанғали Ансар, Актамакова Мадина, 2-ші орынды иеленген 10 Ә сынып окушылары Әбу Мади, Қайроллаева Аружан, 3-ші орынды иеленген 9 В сынып окушылары Шарипов Ақжан, Даймағанбет Аружан, "Көрермен көзайымы" номинациясы бойынша 9 Б сынып окушылары Арманұлы Әбілмансұр, Молтышева Наргиз иеленді.



2022 жылдың желтоқсан айында Қарғалы қалалық ауруханасының өкілдері келіп, зорлық – зомбылықтың алдын алу туралы 9-11 класс окушыларына профилактикалық дәріс оқыды. Баланың өмір қауіпсіздігі үшін зорлық – зомбылықтың алдын алу туралы дәрігер Нұрлышбаева Айдана Ергазықызы дәріс

оқып, өмірде түрлі жайттарды болдырмаудың жолдарын айтса, психолог Бержанова Баян Жақсылыққызы түрлі әдіс-тәсілдерден құралған тренингтер арқылы топтық жұмыстар жүргізді. Оқушылар өз сауалдарын жолдай отырып, сұрақтарына жауабын алды.



### **Сыбайлас жемқорлық бойынша:**

5 “Г” сынып оқушыларының адалдық мәдениетін қалыптастыру, әділ және адаптация енбек етуге баулу мақсатында “Адалдық - адамгершілік бастауы” тақырыбында тәрбие сағаты өтті.



«КРЕАТИВ» үйірмесінің ұйымдастыруымен «Жемқорлыққа жол жок» атты плакат көрмесі өтті.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоспарға сәйкес 10-сыныптар арасында интеллектуалдық ойын өткізілді.





## Ата-анамен байланыс бойынша:

Биылғы оқу жылында **мектепішілік ата-аналар жиналышы** өткізілді. Барлық 42 сыныптың ата-аналары қатысты. Әлемнің екінші ұстазы әл-Фараби бабамыз «Ғылым емес, ең алдымен тәрбиеге коңіл бөлу керек, тәрбиесіз адамға ғылым баянды болмайды» – деп айтып кеткендей, балалардың баянды болашақтары үшін педагогтар мен ата-аналардың күшін біріктіріп, өнегелі ұрпак тәрбиелеу мақсаты алға қойылды.

«Балалар жылы – 2022» аясында «Әкем, анам және мен» эстафеталық сайысы өтті.



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитетінің "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында ата-аналар арасында кітап оқу бәйгесі өтті. Сайысқа мектебіміздің 1-11 сынып ата-аналары арасынан 49 ата-ана қатысты. Бірінші кезеңде қатысушылар Тынымбай Нұрмғанбетовтың шығармасын оқыды. Және шығарма бойынша онлайн тест алдынып, белгіленген уақытта тестке 33 ата-ана қатысып үлгерді. Тест қорытындысы бойынша 15 сұрақтан 14-15 сұраққа дұрыс жауап берген 14 ата-ана екінші кезеңге өтті. Кітап оқу бәйгесіне қатысқан барлық ата-аналарға сертификаттар берілді. 1 кезеңнен үздік нәтижемен өткен ата-аналар 2-кезеңде Тобық Жармағанбетовтың "Отамалы" шығармасын оқыған болатын. Шығарма желісі бойынша тест тапсырмасын орындап, төмендегідей нәтиже көрсетті. 1-орын: Маташева Гаухар 2- орын: Нссипбасва Гүлнара, Иманалина Гүлссім, Жаншуакова Сымбат З-орын: Тулегенова Клара, Алишева Айгүл, Шындаулетова Нұргүл. 25 қараша күні «Үздіктерді марапаттау кешінде» ата-аналар арасындағы кітап оқу бәйгесінде жүлделі орын алған және үздік нәтиже көрсетіп, байқау барысында белсенділік танытқан ата-аналар марапатталды.



Мектебімізде осы оқу жылынан бастап Калапбергенова Бибинур Жалмуханбетовна, Сайн Арудың басшылығымен "Ақ орамал" аналар мектебі өз жұмысын бастап кетті. Мақсаты айқын, міндеті ортақ жоспарланған жұмыс өз

кезегімен жүзеге асты. Аналар мектебі -тәрбиенің бастауы. Ананың жұмсақ алақанынан асқан тәрбие құралы жоқ. Ана бір қолымен бесікті тербесе, екінші қолымен әлемді тербетеді.

"Ақ орамал" аналар мектебі жоғары сынып окушыларымен қалалық **кітапханаға саяхат жасады**. Гүлсім Усенбаева ананың үйымдастыруымен өткен бұл шарада аналар да кітапхананың рухани ауласын сезініп, осы жерде келелі кеңестер жүргізу керектігін келісіп кетісті. Өткізген: "Ақ орамал" аналар мектебінің жетекшісі А.С.Саин және 9 "а" сынып жетекшісі Б.О.Тавбаева және аналар мектебінің мүшесі Усенбаева Гүлсім.



"Мұрагер" әкелер клубы, "Ақ орамал" аналар клубы және ұстаздардың катысуымен **мектебімізде "Спорт бізді біріктіреді"** атты волейболдан мектепішілік кездесу өткізілді. Тартысты ойын көтіп, катысушылар жүлделі орындармен марапатталды.



Спорт бізді біріктіреді

**"Мұрагер" әкелер клубының жылдық жоспарына сәйкес алғашқы отырысы өтті.** "Мұрагер" әкелер клубының жетекшісі Н.Бораш әкелер клубының ашылудағы мақсаты, міндеттері туралы айтып, жылдық жоспарымен таныстырып өтті. Мектеп директоры Жасұлан Төремұратұлы алғашқы сез кезегін алып, құттықтау тілегін білдірді. Мектеп жасындағы жасөспірімдердің тәрбиесіндегі әкелердің атқаратын ролі туралы айтып өтті. Мектебіміздің ер мұғалімдері мен әкелер ер балаларды тәрбиелеу жолындағы ой-тәжірибелерімен бөлісті. Әкелер тарапынан ұсыныстар түсіп, болашақта жоспарлы жасау міндеттелінді.

Қантар айында қысқы каникул уақытында «Менің үйімдегі кітаптар» балалар мен ата-аналардың видеороликтері мен презентацияларынан байқау өткізілді.



«Мұрагер» әкелер клубының жоспарына сәйкес 8-сынып оқушылары мен әкелері арасында волейболдан жарыс өткізілді.



«Ақ орамал» аналар клубы «Сыргалым» қыздар клубының жоспарына сәйкес «Қыз ақылын ескермес –ана үлгісін көрмесе» тақырыбында ас әзірлеуден шебер класс ұйымдастырылды.



Наурызың 20-24 аралығында «Үздік сыннып жетекші - 2023» байқауы барысында ата-аналардың қатысуымен ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

7 «Б» «Отбасым - бакыттым» А.Усенова, 8 «А» «Қыз еркем, анасымен көркем» Л.Жалғасова, 9 «Б» «Балалықтан даналыққа» Б.Тавбаева, 2 «Б» «Бақыттың балаңнан ізде» И.Миркиясова, 3 «Б» «Бақытты балалық шақ» А.Утесинова, 11 «Б» «Мамандықты дұрыс тандау -басты мақсат» Ш.Байбулова, 5 «Б» «адамгершіліктің шуағы сөнбесін» Г.Абишева, 6 «Б» «Әке көрген оқ жонар» А.Урбисинова, 1 «Б» «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» Г.Ибрашева.



1-наурыз Алғыс айту күні қарсаңында мектеп фойесінде мерекелік шара ұйымдастырылды.



М.Арын атындағы ҚҚОМ-нің окушылары Ақтөбе олимпиада резервін даярлау орталығының еркін күрестен бапкер- оқытушысы, қазақ спорттының өркендеуіне үлес қосып жүрген азамат, еркін күрестен халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Бүкілодактық турнирлердің бірнеше дүркін чемпионы, Бүкіләлемдік ардагерлер ойынының жүлдегері, спорт ардагері **Қарабалин Нұржан Толыбайұлымен кездесті.** Кездесу кешіне "Мұрагер" әкелер клубы және "Ақ орамал" аналар клубының мүшелері және мектебіміздің жас спортшылары мен ата-аналары, жақында Абу Дабиде өткен жасөспірімдер арасындағы Әлемдік додада джу-джитсудан 1-орынды жеңіп алған Кенжебек Абдуллахтың тренері Айдаралин Досым қатысты. Нұржан Толыбайұлының жалынды әңгімелерін тыңдаған окушылар бүгінгі күннің батырына ризашылығын білдіріп, жеңісті сәттері көп болуын тіледі. Жас спортышларымыз қызығушылықтарын танытып, ел мақтанышына өздерін мазалаған сұрақтарын жолдады. Кездесу екі жақтық еркін форматтағы диолог түрінде жалғасты. Кездесуден кейін әрбір окушы көкірегінде туған жерге деген зор сүйіспеншілік, салауатты өмір салтын сақтай отырып спортпен айналысуға деген құлышыныс, ешбір жаңға ешқашан таптатуға болмайтын Ар мен Намыс ұғымын жоғары қоюға деген талпыныс пайда болды.

20 – желтоқсан күні мектебімізде "Ақ орамал" аналар мектебінің жұмыс жоспарына сай төрайымы Жумагалиева Асель Ауезхановнаның ұйымдастыруымен **"Еңбегімен еленген жан"** атты кездесу кеші өтті. Кеш қонағы алтын алқа иегері, мерейлі отбасының гран при иегері, Қазақтың Республикасына құрметті азаматы, ұлағатты ұстазының төс бслгісінің исгрі Әбілдасва Бибігүл Әбдішүкірқызы болды. Сүрексіз күндерін (мектеп еден жуушы, ауру отағасын күтіп-баптап, шиттей бала- шаға, жалдамалы пәтер) қойылыммен сахналаған ұстаздарымыз Байбатыров Майдан мен Сайн Ару нәшіне келтіріп орындады. Ақ жаулықта аналар гүл шоқтарын сыйласа, Бибігүл Абдишүкірқызы да "жолымды берсін "деген ниетте ақ орамал тарту етіп, батасын берді. Тәлімі мен тағымы мол кездесуден күні ертең мектеп табалдырығынан аттанғалы отырған 9-11-кіл окушылары эсерленіп, ой түйіп тарқасты.






1-наурыз Алғыс айту күні қарсаңында 8-11 сыйнып оқушылары мен сынып жетекшілердің қатысуымен «Жауқазын» өнсер фестивалі өткізілді.



22-наурыз Ұлыстың Ұлы күні қарсаңында бір айлық «Тақия best» чөллендік үйымдастырылды.



14-наурыз Амал мерекесі күні оқушылар мен ұстаздарға арналған фойеде құттықтау өтті.



14-наурыз күні қалалық білім бөлімінің жоспарына сәйкес М.Арын ҚКОМ-ның үйымдастыруымен Геолог мәдениет үйінің алаңында «Амал келді, жыл келді» атты концерт үйымдастырылды.



Ұлыстың Ұлы күні қарсаңында мектеп алаңында «Қош келдің, Әз-Наурыз» атты мерекелік шара өтті.



Сәуір-мамыр айларында мектеп қызметкерлері жалпы қалалық сенбіліккес шықты.



«100 ән» жобасы аясында құрылған іс-шаралар негізінде мектеп фойесінде халық әндері мен халық композиторларының әндері орындалды.

«Бәрінен де сен сұлу» 10 «Б» сынып

«Жан досым» 10 «Ә» сынып

«Егіз лебіз» 10 «А» сынып

«Желтоқсан желі» 9 «Б» сынып

«Сәлем саған, туған ел!» 8 «А» сынып

«Сағындым Алматымды» 9 «Ә» сынып



12 сәуір күні Республикалық «Шахмат челленджі» өткізілді. Зияткерлік қабілеттерін дамыту мақсатында мектеп оқушылары челленджге қатысты.



Мектебіміздің оқушылары Ақтөбе қаласы білім бөлімінің басшысы М.О.Қосымбаевамен кездесіп, сұхбат жүргізді. Оқушылар, ата-аналар қатысқан сұхбат білім, тәрбие төңірегінде өрбіді.




1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі қүніне орай «Бейбітшілік – ел тірегі» атты фестиваль өтті.




7-мамыр Отан қорғаушылар күні қарсаңында ҚР Қарулы күштерінің 31 жыл толуына орай әскери парад өткізілді. Мектебіміздің «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық клубының оқушылары әсери саптық қойылымга қатысып, саптық жүргіс түрлерін көрсетті.



9-мамыр Женіс күніне орай Батырлар аллеясы және Ұлы Отан соғысының батыры Э.Молдағұлованың ескерткішіне гүл шоқтары қойылды.




20-мамыр Мұхтар Фалиұлы Арынның туғанына 87 жыл толуына орай мектепішілік, қалалық деңгейлерде іс-шаралар өтті. 15-16 мамыр күндері М.Арынның өмір жолын, шығармашылығын дәріптеуге арналған тәрбие сағаттары өткізілсе, 18-мамыр ұстаздармен сұхбат, И.Жақанов пен М.Арынның кездесуінен сахналық қойылым, 19-мамыр лингвистикалық олимпиада және «Алтын сақа» интеллектуалдық ойыны, 20-мамыр «Тәрбие кілтін қашаған ұстаз – М.Арын» тақырыбында қалалық дебат турнирі мен мектепаралық футболдан «Арын кубогі» өткізілді.



Білім мен ғылым, өнер сайысында жүлделі жеңістерге жетіп, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін шындалап жүрген дарынды, талантты оқушыларды «Арын жұлдыздары-2023» марапттау кеші өтті.



31-мамыр ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубы «Түйетөбе» басына барып, керемет әсер алып қайтты.



1-маусым балаларды қорғау күні мерекелік концерт өтті. «Есет батыр» алаңында спорттық ойындар үйімдастырылды.



«Кұлактан үнің кетпейді, сыңғырла соңғы қоңырау» атты соңғы қоңырау салтанатты жиыны өткізілді.



Ұсыныс:

- 1.Ата-аналармен жүргізілетін жұмысты одан әрі жандандыру;
- 2.Окүшылардың сабакқа қатысымын сынап жетскіші мәсн ата-ана тарапынан бақылауды күшайту;
- 3.Мектеп формасын бірізділікке салу;
- 4.Кәсіби бағдар беру бойынша атқарылатын жұмыстарды жүйелеу;

Директор  Ж.Т.Жанайдаров  
ДТІЖО  А.Е.Шамова